

**Астана қаласы әкімдігінің №2 «Көпбейінді қалалық балалар
ауруханасында қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің
ішкі талдауы жөнінде қоғамдық талқылау қорытындысы
нәтижесінің ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2026 жылғы «7» селеде

Өткізу орны: Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64, Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын), 3-қабат, конференц-зал.

Өткізу уақыты: сағат 16:00.

Төраға: Нұғманов М.Ғ. – Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі, Кәсіпорын директорының медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және стратегиялық даму жөніндегі орынбасары.

Хатшы: Сүгірбаева Б.М. – сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер, Жұмыс тобының мүшесі.

Қатысқандар: Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі Жұмыс тобының мүшелері.

Күн тәртібі: Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК-де алдыңғы 12 ай ішінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындыларын жария талқылаудың нәтижелері.

ТЫДАЛДЫ:

1. Кеңес төрағасы:

1. Қатысушыларға 2026 жылы Жұмыс тобының Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізуі туралы ақпарат берді;

2. СЖТІТ жүргізуге негіз болған құжат – Кәсіпорын директорының 2026 жылғы 19 мамырдағы № 77-Ө «Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК-де 2026 жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы (бұдан әрі – № 77-Ө бұйрық);

3. № 77-Ө бұйрықтың 2-тармағына сәйкес Жұмыс тобы келесі құрамда бекітілді:

Жұмыс тобының жетекшісі:

Нұғманов Медет Ғалымжанұлы - Кәсіпорын директорының медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және стратегиялық даму жөніндегі орынбасары.

Жұмыс тобының мүшелері:

1) Сүгірбаева Ботагөз Мұхтарқызы - Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері;

2) Қадырова Елмира Асылбекқызы - Кәсіпорынның Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы;

3) Темірқұлова Гүлмира Аманбайқызы – Кәсіпорынның бас бухгалтері.

2. Жұмыс тобының мүшесі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер Б.М. Сүгірбаева баяндады:

- ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына**, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға** сәйкес жүргізілді.

- ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруын талдау;

2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

• Кәсіпорынға рұқсат беру, бақылау немесе қадағалау функциялары жүктелмеген.

• Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың талаптарын орындау мақсатында 2026 жылғы **29 маусымда** Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында ІСЖТ қорытындыларын жария талқылауды өткізу туралы хабарландыру орналастырылды.

3. Жұмыс тобының жетекшісі қатысушыларға 2026 жылы Кәсіпорында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша **Талдамалық анықтаманың жобасын** таныстырып, онда СЖТІТ-тің алдын ала нәтижелері баяндалғанын хабарлады.

4. Жұмыс тобының мүшесі Б.М. Сүгірбаева СЖТІТ жүргізу кестесіне сәйкес қазіргі уақытта СЖТІТ нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар **Тізбесінің жобасы**, сондай-ақ 2026 жылға арналған СЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі **Іс-шаралар жоспарының жобасы** әзірлену сатысында екенін хабарлады.

Сонымен қатар, СЖТІТ қорытындыларын жария талқылауға қатысу мәселесі бойынша Кәсіпорын қызметкерлерінен және өзге де азаматтардан ресми ұсыныстар мен өтініштер келіп түспегені атап өтілді.

СЖТІТ жүргізу рәсімі қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес және белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылды.

5. Талқылау қорытындысы бойынша жиналыс төрағасы мынадай тапсырмалар берді:

- келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтаманың жобасын пысықтау;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдар тізбесін әзірлеуді аяқтау;
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді аяқтау;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесінде белгіленген мерзімдерде ішкі талдау жөніндегі іс-шаралардың толық аяқталуын қамтамасыз ету.

Жиналыс төрағасы талқылау қорытындысы бойынша мынадай қорытындылар жасады:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізілді;
2. Талқылау қорытындысы бойынша Кәсіпорындағы 2026 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтаманың жобасында ұсынылған мәліметтер, ақпарат және деректер негізді деп танылып, келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып пысықталуға жатады;
3. Аналитикалық анықтама пысықталғаннан кейін Жұмыс тобы бекітуге:
 - сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтаманы;
 - сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдар тізбесін;
 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынады;
4. Осы бағыттағы әрі қарайғы жұмыс сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтаманың және 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарының түпкілікті редакцияларында көрсетілген ұсынымдарға сәйкес, олар бекітілгеннен кейін жүргізілетін болады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жұмыс тобының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтаманың жобасы келіп түскен ескертулер мен ұсыныстар ескеріле отырып пысықталсын.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдар тізбесін әзірлеу аяқталсын.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғаннан кейін қорытынды құжаттар белгіленген тәртіппен бекітілсін.

5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Жұмыс тобының жетекшісі М.Ғ. Нұғмановқа жүктелсін.

Төраға



М.Ғ. Нұғманов

Хатшы



Б.М.Сүгірбаева